

## Көміртегі квоталарының ұлттық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 11 шілдедегі № 525 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 13 шілдеде № 28798 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

Қазақстан Республикасының Экология кодексі 290-бабының 2-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Көміртегі квоталарының ұлттық жоспары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Климаттық саясат және жасыл технологиялар департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы бұйрықтың ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
  - 3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалауы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрі*

*С. Брекешев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрі  
2022 жылғы 11 шілдедегі  
№ 525 бұйрығымен бекітілген  
бұйрығына қосымша

### Көміртегі квоталарының Ұлттық жоспары

Ескерту. Ұлттық жоспар жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 30.01.2024 № 16-Ө бұйрығымен.

### Экономиканың реттелетін секторлары бойынша квоталау субъектілері арасында бөлінуге жататын көміртегі квотасы бірліктерінің жалпы саны

Экономиканың реттелетін секторы	2022 жылға арналған көміртегі квотасы бірліктерінің саны, көміртегі қос тотығының тоннасы	2023 жылға арналған көміртегі квотасы бірліктерінің саны, көміртегі қос тотығының тоннасы	2024 жылға арналған көміртегі квотасы бірліктерінің саны, көміртегі қос тотығының тоннасы	2025 жылға арналған көміртегі квотасы бірліктерінің саны, көміртегі қос тотығының тоннасы
Электр энергетикасы өнеркәсібі	95 304 595	93 872 608	94 343 363	92 101 734
Мұнай-газ өнеркәсібі	23 039 146	22 692 974	22 921 486	22 379 767
Тау-кен өнеркәсібі	7 334 212	7 224 012	2 864 801	2 796 732
Металлургиялық өнеркәсіп	30 747 135	30 285 148	30 383 809	29 661 879
Химиялық өндіріс	1 715 105	1 689 335	2 464 510	2 390 980
Өңдеу (құрылыс материалдары: цемент, әктас, гипс және кірпіш өндіру бөлігінде) өнеркәсібі	8 019 802	7 899 302	9 109 279	8 892 839
Көміртегі квотасы бірліктері резервінің көлемі	11 816 923	11 643 887	9 275 603	9 194 506

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК